

**Философия мәдениет
феномені ретінде.
Мәдени-тарихи
контекстегі философия**

1.Философия пәні, қызметі және қоғамдағы орны

2.Философия дүниетаным түрі ретінде. Дүниетанымның тарихи түрлері

3.Философияның мәдени-тарихи алғышарттары. Философияның негізгі мәселесі, әдістері және салалары.

**Философия - материя мен сана,
таным мен болмыс, адам мен
қоғам жайлы адамзат ой-
санасының даму барысында
жинақталған, жүйеленген
ғылыми ой-пікірдің теориялық
жиынтығы.**

Философиялық ілімнің құрылымы

Онтология
(болмыс туралы
ілім)

Гносеология
(таным туралы
ілім)

Әдіснама
(әдістер туралы
ілім)

Логика (ойлау заңды-
лықтары туралы ілім)

Табиғат
философиясы

Әлеуметтік
философия

Философиялық
антропология

Эстетика
(әсемдік туралы
ілім)

Этика
(мораль теориясы)

Философия
тарихы

Жоғарғы оқу орындарында философия негізгі үш бөлімде қарастырылады:

1. Әлемдік философиялық ой-жүйенің қалыптасу және тарихи даму барысы.

2. Теориялық және методологиялық негіздері.

3. Осы заманғы философияның көкейкесті проблемалары.

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

- - дүниеге көзқарастық;
- - методологиялық;
- - теориялық;
- - гносеологиялық;
- - сыншылдық;
- - аксиологиялық;
- - әлеуметтік;
- - тәрбиелік-гуманитарлық;
- - эвристикалық.

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

- **Дүниеге көзқарастық функция** - дүниенің біртұтастық бейнесін жасау, оның құрылымы жөнінде, дүниедегі адам орны, оның қоршаған ортамен байланысы туралы көзқарасты қалыптастыру.
- **Методологиялық функция** - философия қоршаған дүниені, шындықты, ақиқатты танудың негізгі әдістерін жасайды.
- **Теориялық функция** - философия бүкіл дүниені, құбылыстарды ұғынуды мейлінше жалпылайды, концептуалды - логикалық жүйелер жасайды, теориялық тұжырымдар түзейді.

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

- **Гносеологиялық функция** - философия қоршаған дүниені, шындықты, дұрыс әрі айқын тануды (таным тетігін) мақсат етеді.
- **Сыншылдық функция** - философия кез келген теорияны, білім қағидаларын сыни ойлаудан өткізіп, ондағы қайшылықтарды анықтап, мәнді тұстарын айқындайды. Бұл функцияның міндеті - догмаларды әшкерелеу, білімнің дәйектілігін пысықтау және таным шеңберін мейлінше кеңейту.
- **Аксиологиялық функция** - философия заттар мен құбылыстарды бағалағанда оларды моральдік-әдептілік, этикалық, әлеуметтік, идеологиялық, мәдени, рухани және т.б. құндылықтар жағынан қарастырады.

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

- **Әлеуметтік функция** - философия қоғамды зерттегенде, оның пайда болу себептерін, дамуын, құрылымын, қозғаушы күштерін, қоғамда болатын қайшылықтарды айқындап, оны шешу жолдарын, жетілдіру мәселелерін қарастырады.
- **Тәрбиелік функция** - философия гуманистік құндылықтар мен мұраттарды адам, адамзат пен қоғам игілігіне жаратуды көздейді. Философия - тарих қойнауындағы барлық адамгершілік ізгіліктердің тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді.
- **Эвристикалық функция** - философиялану, яғни философияны оқып-үйрену процесінде адам дүниеге, бүкіл болмысқа жаңаша көзқараспен қарайды, оны бейне бір құлшыныс, шабыт сезімі, инсайт билейді. Ой кешуде, тылсым дүниенің інжу - маржанын тапқанда ойшыл адам сыр мен кемел сезімге бөленеді.

**Дүниеге көзқарас – адамзат
санасының дүние және өзі
туралы біртұтас
ұғымдарының жиынтығы.**

Дүниеге көзқарас

Күнделікті-практикалық көзқарас

Теориялық көзқарас

- Мифологія
- Дін
- Філософія

ДҮНИЕТАНЫМ

Мифология /гр. *mifos* – аңыз, ертегі және *logos* – ілім, ұғым/-адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы. Миф /аңыз, ертегілер/ сананың әлі жіктелмеген біртұтас формасы ретінде пайда болды

Дін – дүниені ғаламат күшке сенім, абсолюттік шындық арқылы түсіндіретін дүниеге көзқарастың қоғамдық-тарихи формасы.

Философия дүниеге көзқарас тұрғысында өзінің эволюциялық дамуы жағынан үш кезеңнен өтті:

- **Космоцентризм** - қоршаған ортаны, табиғат құбылыстарын тіршілікті жасаушы дүлей, шексіз сыртқы күш – Ғарыш, барлық өзгерістер ғарыштық айналым арқылы жүзеге асады деп түсінетін философиялық көзқарасты айтады (Ежелгі Үнді, Ежелгі Қытай, Ежелгі Грекия)
- **Теоцентризм**-барлық тіршіліктің мәні дүниеден тысқары тұрған тылысым күш – Құдайда деп түсінетін философиялық көзқарас түрін айтады (Ортағасырлық философияға тән).
- **Антропоцентризм** - адам мәселесін негізгі мәселе деп қарастыратын философиялық көзқарас (Қайта өрлеу, жаңа заман, Қазіргі заман философиялық кезеңдерге тән).;

Философияның негізгі мәселесі

(дәстүрлі пайымдау)

Сана мен материяның, рух пен табиғат арақатынасы

Бірінші жағы

Материя мен сананың
алғашқылығы

Екінші жағы

Таным мен болмыстың
үйлестімділігі (дүниені танып-
білуге бола ма?)

Материя алғашқы,
Сана жоғары
материяның қасиеті

Материя мен сана бір-
біріне тәуелсіз

Сана алғашқы,
материя санасыз өмір
сүрмейді

Материализм

Дуализм

Идеализм



Болмыс пен таным арақатынасы

Дүниені тану мәселесі

Дүниені тануға болады

Дүниені тану мүмкін емес

Материализм

Идеализм

Агностицизм
(субъективті идеализм)

М

Материализм
Сана
объективті
дү-
ниені
көрсетеді

Объективті
идеализм
Сана әлемнің
рухани
негіздерін көрсетеді

Адам тек
сезім арқылы
дүниені
таниды, оның
ар жағында не
бар екенін
білмейміз Д.
Юм
(1711-1776)

«Өзіндік
заттар»
әлемін
тану мүмкін
емес
И.Кант
(1724-180
4)

ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ:

- **Диалектика** - бұл әдісте заттар, құбылыстар, ішкі қарама-қайшылықтар, өзгерістер, даму, себеп пен салдар, қарама қарсылардың бірлігі мен күресі есебінде қарастырылады.
- **Метафизика** - диалектикаға қарама-қарсы әдіс, мұнда объектілер өздігінен, статикалық және біржақты қарастырылады.
- **Догматизм** - қоршаған ортаны догмалар, яғни дәлелденбейтін және абсолютті сипаттар арқылы қабылдау.

ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ:

- **Эклектика** - бұл әдісте фактілер, түсініктер мен концепциялардың біртұтас шығармашылық бастамасы болмайды, соның нәтижесінде сырттай шындыққа ұқсас қорытындылар алынады.
- **Софистика** – айтыс-тартыста өз қарсыласын жеңу үшін әдейі ақты қара деп, қараны ақ деп көрсетуге жүгінетін әдісті айтады. Бұл әдісте ақиқатты тану емес, тек қарсыласын айтыста жеңу мақсат етіледі.
- **Герменевтика** - мәтіннің мәнін, оның объективтік және субъективтік негіздерін түсіндірудің теориясы мен өнері. Сонымен қатар, философиялық әдіс, әрі философиялық бағыт болып табылатындар: **материализм; идеализм; эмпиризм; рационализм.**

-
- **Материалистік әдісте** материя алғашқы субстанция ретінде, ал сана оның модусы сана, материяның көрінісі деп қарастырылады.
 - **Идеалистік әдістің** мәні –идеяны алғашқы бастама, ал материя идеяның туындысы деп ұғыну.
 - **Эмпиризм** –тәжірибеге сүйенетін, сезімдік таным нәтижесін таным процесінің негізі деп санайтын әдіс және бағыт.
 - **Рационализм** - шынайы абсолютті білімге тәжірибе мен түйсіктің ықпалынсыз тек қана ақыл-ойдың көмегімен жетуге болады деп есептейтін философиялық бағыт және әдіс.